

● «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ



Қайырымдылық аясында...

Гүлназым
САҒИТОВА

Қостанай қалалық мешітінің дін қызметкерлері жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» акциясы шеңберінде тұрмысы жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан 1 сыныпқа баратын бір топ балаға мектепке қажетті кеңсе тауарлары, оқу-құралдары мен сөмкені сыйға тартты.

– Жаңа оқу жылы да таяп келеді. Сондықтан да қайырымдылық шарасын арнайы жұма күні

ұйымдастырдық. Мектеп табалдырығын бірінші рет аттайтын, білімге қадам басатын кішкене балаларымыз үлкен қариялардың батасын алсын деп, осы күннің шапағаты тисін деп өткізіп отырмыз. Қостанай қаласының білім бөліміне осындай шара ұйымдастырсақ, көмек берсек деп хабарласқан едік, білім бөлімінің мамандары қаладағы №5 «а» мектебіндегі 1 сыныпқа баратын бір топ балаға қол ұшын берсеңіздер деді. Қайырымдылықтың үлкен-кішісі жоқ, сондықтан да қай бала болмасын, көңілі қуанып, марқайып мектеп табалдырығын аттаса деген тілек. Сол секілді

сыйлайтын тағы аздаған төттілеріміз, сусындарымыз бар, – деді Қостанай қалалық мешітінің бас имамы Шоқан қажы Әмірханов.

Мектепке баратын бір топ бірінші сыныптың кішкене балалары мектепке қажетті оқу-құралдарына ие болып, маз-мейрам болып қалды. Сөмкелерін, құралдарды қарап, бір-біріне көрсетіп те жатты. Үлкен аталарымыздың бірі батасын да берді.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Құрылыс қарқынды дамып келеді

Облыс әкімі Лисаков қаласына ісспармен барды

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Бүгіндері Қостанай қаласы мен облыс көлеміндегі барлық елді мекендерде қытымыр қысқа әзірлік басталып-ақ кеткен. Мәселен, жерасты тар-

тылған жылу мен су құбырларын барынша тезірек орнатып, дайындықты бір пысықтап алу – негізгі міндет. Осындай мақсатпен облыс әкімі Архимед Мұхамбетов арнайы іссапармен Лисаков қаласына барды. Мұнда Лисаковтай шырай-

лы шаһармен іргелес жатқан Октябрьский ауылы бар. Айтулы ауылда биыл су тарту желілерін қайта құру жұмыстары қарқынды жүруде. Қала әкімшілігінің тапсырмасымен ұзындығы 18,4 шақырым құрайтын құбырды жөндеу керек. Бұл

міндет қарағандылық «Фирма «Энергия» ЖШС-не жүктелген болатын. Серіктестік басшысы Алмас Сұлтанов жыл аяғына дейін тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз етуге уәде беріп отыр. Игілікті жоба «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарлама-

сының аясында қолға алынған. Октябрьский ауылындағы қайта құру жұмыстарына мемлекеттік бағдарламадан 751,8 млн.теңге бөлінген. Осы ауылға ауызсудан бөлек, газ құбырларын тарту мәселесі қарастырылыпты.

Ел шебін күзеткендер

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Осыдан 24 жыл бұрын ҚР Президентінің Жарлығымен шекара қызметкерлерінің жасағы құрылған еді. Міне, сол уақыттан бері 18-тамыз – шекарашылар күні. Қостанай облысындағы ел шебін «Солтүстік» аймақтық басқармасы қадағалайды. 1413 шақырым жердің қауіпсіздігін бақылайтын бұл жасаққа биыл – 15 жыл. Ел қорғаған батырлардың жыл бойы атқарған еңбектері еселі. Мәселен, өткен 7 айдың қорытындысы бойынша 520 заң бұзушы ұсталған. Бұдан өзге 17 адам шекараны рұқсатсыз кесіп өтсе, арам пиғылды тағы 96 алаяқ құрықталды. Есірткіден басқа, екі ел арасындағы «Обаған» бекетінде заңсыз қару-жарақтар алып өтпек болған 27 қылмыскер қолға түскен.

Төл мерекелері қарсаңында әскерилерді Қостанай халқы құттықтап, билік тарапынан марапаттауға ие болды. «Жеңіс» саябағында өткен салтанат әскери ансамбльдің маршымен басталды. Алдымен, ескерткішке гүл шоқтарын қойып, қызмет жолында қаза тапқан шекара қаһармандарын бір минут үнсіздікпен еске алды. Облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк аймақ басшысының құттықтауын жеткізіп, сөз сөйледі. Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен құрметті демалысқа шыққан әскерилер отансүйгіштікке жетелейтін жалынды әңгімелерді тілге тиек еткенді. Артынша жиналғандарды 2031 әскери бөлім сарбаздары қоян-қолтық күрестің әдіс-тәсілдерімен тәнті қылды. Көрсетілген құрметтен желпіне түскен шекарашы сарбаздар Отан алдында адал қызмет етуге тағы бір мәрте ант етті.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Жемқорлыққа қарсы кешенді шаралар

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті Лисаков қаласы әкімі аппаратымен, Қостанай облысының балалар және жастар ұйым қауымдастығымен бірлесіп «Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қызметін жүзеге асырудағы қызметтік әдеп және жоғары рухани-адамгершілік ахуал» тақырыбына ауданаралық дөңгелек үстел өткізді.

– Дөңгелек үстелдің жұмысына Жітіқара, Денисов аудандарындағы мемлекеттік мекемелер, құқық қорғау органдары, сот, кәсіпкерлік субъектілері, үкіметтік емес ұйымдарының мамандары мен өкілдері қатысты. Жиын барысында жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы мәдениетті қалыптастыру, Әдеп кодексі туралы жан-жақты айтылды. Сонымен бірге Кодексті тиімді пайдалана отырып азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін ұсыныстар жасалды, – деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Диас Ахметжанов.

Іс-шараның соңында өткен шағын брифинг аясында департамент басшысының орынбасары Ә.Досекенов мемлекеттік қызмет туралы жарлығындағы өзгерістер жайында, сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің 2016 жылдың I жарты жылдығында атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Сонымен қатар департамент өкілдері Лисаков қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде, «Акцент» телерадиоарнасында болды.

Г. БАДАҚҚЫЗЫ.

Шөп шабу науқаны аяқталды

Жаз айында жауын-шашын көп болып, қыр шабындығы бітік шықты. «Қыстың қамын – жаз ойлаған» шаруа қожалықтары мен жекеменшік тракторлары бар адамдар маусым айынан бастап шөп шабу науқанына қызу кірісті. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының тапсырмасына сәйкес бір жарым жылға 132, 2 тонна шөп шабылу керек. Бұл тапсырма жүз пайыз орындалды деп Жанкелдин ауданының кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің қызметкерлері хабарлады. Аталмыш бөлім қызметкерлерінің берген мәліметіне сүйенсек шөп шабу науқанына аудан бойынша 127 трактор, 237 шөп шабатын орақ жұмылдырылған.

Уақытылы шабылған шөптің сапасы да жақсы болады. Аудан, ауыл, ауылдық округтердің тұрғындарына артылған шөптерді тиімді бағамен ал әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға және еңбек ардагерлеріне мүмкіндігінше төменгі бағамен сатамыз деп сенім білдіріп отыр шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.

Құрылыс қарқынды дамып келеді



Ауылды толығымен табиғи газға ауыстыру жұмыстары биылғы жылдың мамыр айында басталған болатын. Әзірше жартысына жуығы еңсерілді.

Өңірде қарқынды дамып келе жатқан кәсіпкерліктің бір түрі – ангар жасау. Лисаков қаласында орналасқан «СпецСтальКонструкции» ЖШС-нің бүгінгі аяқ алысы айтарлықтай. Олар ауыл шаруашылығына, өндіріс ошақтарына, спорттық нысандар мен әуежайларда ұшақтар мен тікұшақтарға ыңғайлы етіп ангарлар жасайды. Серіктестіктің тауары Қостанай облысынан бөлек, Республика көлемінде сұранысқа ие. Өнеркәсіп басшысы Алексей Аман мен облыс әкімі Архимед Мұхамбетов екі тарап бірігіп, келешекте үлкен футболға арналған жабық спорттық манеж құрастыру керек екенін айтты. Алдымен, Қостанай қаласында салынса, қалған қалалардан да тапсырыс түседі.

Қалада белең ала бастаған құрылыс нысандары жетерлік. Мысалы, биыл тұрғындардың игілігіне берілген спорт алаңқайы лисаковтықтардың көңілінен шыққан. Су жаңа жаттығу құралдары қатар тізіліп тұр. Шағын футбол алаңы да сайлы. Осының бәрі Қостанай облыстық әкімшілігі мен ERG компаниясының арасындағы меморандум аясында жүзеге асуда.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Лисаков қаласындағы жаңадан бой көтерген қос бірдей балабақшаны тамашалады. Соның бірі «Балақай» атты бақшаны жастайынан ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеген Любовь Захарова ашып отыр. Шетелде



қызмет істейтін ұлының демеушілігімен аңсаған арманына қол жеткізгенін айтады ол. Заман талабына сай тұрғызылған ғимараттың ішкі-сырты көз тартады. 200-ге жуық балақайға арналған бұл балабақша бүлдіршіндерді ерте жастан-ақ қабылдай береді. Балаларды қабылдау жұмыстары әлі де жүріп жатыр. Зейнеттегі қарт ұстаздың мұндай батыл қадамына ризашылығын білдірген А.Мұхамбетов қандай да бір

көмек керек болса, қол ұшын созуға дайын екенін жеткізді.

Облыс әкімі сәбилерге арналған екінші бір нысан – «Нұрлы жол» балабақшасының салтанатты түрде ашылу рәсіміне қатысып, тұсауын кесті. Мұнда да бар жағдай жасалған. Жергілікті жас мамандармен қатары толығып, тұтас бір қалаға қуаныш сыйлап-ақ тұр.

Суреттерді түсірген автор.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Бар жақсылық – балаға

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Ата-аналар балаларын мектепке дайындауға қызу кірісіп кеткен. Осы уақытта республикамыздың барлық аймағында «Мектепке жол» акциясы өтіп жатыр. Қайырымдылық шарасына Қостанай облыстық «Марал ишан» мешіті де үлес қосты. Мешіт ұжымы демеушілердің қолдауымен 80 балаға оқу-құрал алып берді.

Қайырымдылық акциясының мақсаты – аз қамтылған және көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету. Асыл дінімізде жоқ жітікке көмек беру ізгі ниет пен жақсы амалдардың жарқын үлгісі саналады. Өнегелі істі жыл сайын жалғастырып келе жатқан ұжым балаларға биыл да зор қуаныш сыйлады. Оқу құралдарын сыйға алған жас өрендер де мәз. Мұндай бастаманың демеушісі Тобыл өңірінің кәсіпкерлері, Қостанай облысы бойынша қажылар қауымдастығы және зекет қоры екенін атап өтейік.



– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен «Мектепке жол» акциясына үлес қосудамыз. Демеушілердің көмегімен кембағал отбасылардың басын қосып, балаларға мектепке қажетті оқу құралдарын алып бердік. Балалардың ұлтына, нәсіліне қарамаймыз, бөліп-жару деген болмайды, – деді облыстық «Марал ишан» мешітінің наиб имамы Бақытжан қажы Икрам.

СУРЕТТЕ: оқу құралдарын алған балалар. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

• БІЗДІҢ САРАПТАМА

Қоғам пікірі – айна іспетті

Үкімет елімізді инвестиция тартуда шетелдіктер үшін Еуразиядағы тартымды орынға айналдыруды көздейді. Тиісінше әр өңірдің инвесторларға тиімді жағдай жасағанын қалайды. Ол үшін әуелі халықтың елеулі өзгерістерге дайын болуы жөн деп біледі. Сондықтан оларды жан-жақты қолдауға әзір. Жаңа жұмыс орындарын ашуда,

бизнеске арналған несиелер ұсынуда, кәсіптік білім алуға мүмкіндік беруде. Ал, кейіннен өндірілген шикізаттарымызды сыртқа экспорттап, қайтарымына заманауи технологиялар алуды басты мақсат санайды. Себебі ол бүгінде өркендеудің басты құралына айналып отыр. Облысымыз да осы межелі міндеттерді сұранысқа сай атқарып

келеді. Біз бұл мақсаттарды аймағымыз қалай іске асырып жатқандығы туралы тұрғындардың пікірін анықтап көрдік. Ол үшін облыс көлемінде әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Халыққа мемлекетіміздің жаңа инвестициялық саясатына қатысты сауалдар жолданды. Нәтижелерін инфографика түрінде назарларыңызға ұсынамыз.

Қайырымдылық – игі іс

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен қайырымдылық акциясы басталғанын барлығымызда жақсы білеміз.

Акцияның мақсаты – жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сонымен қатар аз қамтылған және көп балалы отбасының балаларына нақты атаулы көмек көрсету болып табылады.

Осы мақсатта «Оспанқожа әулие» мешітінің бас имамы Аян Хасенов аудан орталығындағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына мектепке ұстайтын қол сөмке мен оқу құралдарын алып беріп, қайырымды іс жасады.

– Біздің Алла алдындағы міндетіміз бес уақыт намаз оқып, ораза тұту болса, адамдардың алдындағы міндетіміз қолымыздан келгенше оларға жәрдемдесу. Сондықтан бізде өз үлесімізді қосайық деп мешіттің атынан «Мектепке жол» акциясы аясында көп балалы және аз қамтылған отбасылардың яғни сегіз оқушыға мектепке қажетті құралдарын алып бердік. Ауданымызда осы бастама жыл сайын жалғасын тауып, игілікті істің жаршысы болып отырса нұр үстіне нұр болар еді, – дейді бас имам Аян Сәбитбекұлы.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.



• ДІНІҢ – ДІНГЕГІҢ

Исламға бетбұрыс

Қостанай облыстық «Марал ишан» мешітінде балаларға арналған жазғы діни сауат ашу курсы өз жұмысын тәмамдады.

Осы екі айлық курста облыстық мешіттің найб имамы, жас ұстаз Әлішер Ертайұлы шәкірттерге Ислам дініндегі «Құран әліппесі», әдеп пен тәлім-тәрбие, ислам ғибадаты, пайғамбарлар тарихы» жайлы дәріс берді.

Ол балалардың уақытты тиімді пайдаланып, белгіленген мерзім ішінде тиянақты болуларына айрықша назар аударды. Сонымен қатар балалардың ынтасын арттыру үшін түрлі ойындар өткізіп, арасында түрлі тәттілермен сыйлықтар жасап отырды.

Ол үшін жастар ісі бойынша жауапты Омар Жұмағұлов ұйымдастырған жәрмеңкеден демеушілік танытылды.

Салтанатты жиында шәкірттерге 2 айлық курсты бітіргені туралы сертификат пен сый-сияпат жасалды. Шара барысында найб имам Дархан Сыздықов ата-аналарға рахметін айтса, Жақсылық Ғайсин ата батасын берді.



Қажылыққа санаулы күндер қалды


Міне енді санаулы күндерден соң биылғы 2016 жылдың, яғни хиджри жыл санауы бойынша 1437 жылдың қажылығы да басталды.

Осыған орай барлық жерде «қажылық парызымды өтеймін», – деп ниеттенген жандар сапарға жан-жақты дайындалуда. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тапсырмасы негізінде Қостанай облысы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қанша дегенмен қажылық сапары кезінде миллиондаған адамның ішінде жүріп кейбір амалдарды ұмытпай, парыздары мен сүннеттерді толық орындаған кезде ғана қажылық міндеті өтелген болып есептеледі.

Міне сондықтан да қажылыққа барам деушілерді алдын-ала дайындау мешіт имамдарына жүктелген. Осы орайда облыс көлеміндегі барлық мешіттер және облыстық «Марал ишан» мешітінде әр намаздардан соң «Қажылық сапары» тақырыбында дәрістер оқылып, жасалатын амалдар бойынша үйрету сабақтары өтуде.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.



Мәліметтер «Қостанай таңының» әлеуметтік зерттеу орталығының деректері бойынша әзірленді.

● ДІНІҢ – ДІНГЕГІҢ

Асхана құрылысы аяқталды

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Қарасу ауданында халықтың көмегінің арқасында жаңа бір нысан ел игілігіне айналды. Дәлірек айтсақ, осы ауданға қарасты Октябрь кентіндегі «Қарамырза» мешітінің жанынан асхана бой көтерді. Өйткені, діни рәсімдер өткізетін, ас беретін орын мұнда тапшы-тұғын. Осыдан бес жыл бұрын мешіт алқасы атынан жасалған ұсыныс көпшіліктің тарапынан қызу қолдау тауып, жұрт тыыннан теңге құрап болашақ асхана құрылысына қаржы жинай бастаған-ды. Игі бастамаға әркім әрқалай үн қосты. Бірі қолындағы бес-он мың теңгесін апарып берсе, енді бірі көлік, құрылыс материалдарымен жәрдемдесті. Тіпті, малдай апарып бергендерді де көрдік. Бірақ, құрылыс салу оңайға соққан жоқ. Халықтың жиған қаржысы құрылыс жұмыстарына толық жетпеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» демекші, пәтуалы іске жергілікті ауылшаруашылық тауар өндірушілері, кәсіпкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, атқарушы билік өкілдері, бюджеттік мекеме қызметкерлері қол ұшын созды.

– Жалпы, мұндай іске тәуекел ету қиын. Дегенмен, «шегіртекден қорыққан егін екпейді» демекші, ауылдастарымның жағдайын көріп отырып, қарап отыра алмадым. Сауапты іске кірісуге тура келді. Өмір болғасын өлім-жітім болмай тұрмайды. Сондайда, жан-жақтан келген азаматтардың қарасы көп болатындығы анық. Ол үшін арнайы кафе жалға алынады. Олардың бағасы әлбетте кез келгенің қалтасына ауыр тиетіні белгілі. Қалыптасқан жағдайды оңалту үшін халық болып жұмылып, осы асхананы салуды ұйғардық, – дейді «Қарамырза» мешітінің



бас имамы Серік қажы Салих. – Өрине, құрылыс барысында алдан кездескен қиындықтар туралы айтып жатудың өзі артық. Бірақ, бес жыл бойы соның бәріне төзуге тура келді.

Серік қажының мұнысы рас енді. Ол асхананың іргетасы қаланған күннен бастап тыным көрген емес. Кәсіпкер азаматтардан көмек сұрады. Жергілікті атқарушы биліктің есігін жағалады. Ойы – қайткен күнде басталған істі аяқсыз қалдырмау еді. Ақыры, көп тілегі қабыл болып, қуанышты күнге де жетті.

Асхананың салтанатты ашылу рәсіміне бес жыл бойы қолдарынан келген көмектерін аямаған барлық азаматтар құрметті қонақ ретінде шақырылды. Шара барысында сауапты істен шет қалмаған жекелеген ұжымдар мен бір топ кәсіпкерлердің аттары аталып, арнайы марапатталды. Олардың арасында «Суық су» коммуналдық-шаруашылық мекемесі, Октябрь ауылдық ауруханасының ұжымы, Октябрь жарықпен қамтамасыз ету орталығы, «Салтанат» балабақшасының ұжымы, «Қазақавтор» жол басқармасы, Шолақаша

элеваторы, астаналық «Алит» ЖШС, «Сельхозкомплект» фирмасы, жергілікті кәсіпкерлер Заур Итаев, Виктор Ковальский, Шәкірмұхаммед Холметов, Қарамерген Досжанов, Иса Бунхоев, Манарбек Есжанов, Асқар Қошқаров, Мейрам Ысқақов, Эльбек Хамбураев, Нұрлан Әлжанқұлов, Галина Бексұлтанова, Гүлнар Алекса, Серікбай Қабылов жетекшілік ететін құрылыс бригадасы, Василий Шудегов, Ұлан Шілдебаевтардың еңбектері Алғыс хатпен аталып өтті.

– Бұл көптің қалауымен біткен іс болды. Асхана құрылысына жас пен көрінің қатар жұмылғанын көріп, көңіл қуанды. Бүгіндей алмағайып заманда біреуден көмек сұраудың өзі қиын. Соған қарамастан халық қолындағы барымен бөлісті. Бұл дегеніңіз ынтымақ пен бірліктің арқасы, – деп атап өтті Марал ишан атындағы облыстық Ақ мешіттің наиб-имамы Бақытжан Икрамұлы.

Салтанатты рәсімнен кейін әруақтарға арналып ас беріліп, құран оқылды.

СУРЕТТЕ: мешіттің ашылу салтанатынан көрініс.

● ӨМІР САПАСЫ

«Жас келсе – іске»



Адамдарды құтқару және қорғау – бұл кез-келгеннің маңдайына жазыла бермейтін игілікті іс. Тек қана қорқыныш пен қауіптен қорықпайтын жандар ғана оған күнде бетпе-бет келу үшін құтқару қызметіне жұмыс істеуге келеді. Алайда ол үшін әрбір өрт сөндірушінің бойында мықты денсаулық, темірдей төзім және ептілік болуы тиіс. Міне осындай қасиеттерін тексеру үшін орталық стадионда азаматтық қорғау органдарына жұмысқа орналасуға келген үміткерлерден дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақ қабылдау өтті.

Бағдарламаға аспалы темірге 15 рет тартылу, 100 метрге жүгіру және 3 шақырымға жүгіру кірді.

Ыстық ауа-райына және қыздырып тұрған күнге қарамастан үміткерлердің жүзінен олардың қаншалықты тырысып, барлық күш-жігерлерін 100 пайыз жұмсап жатқандары көрініп тұрды. Алайда барлық қатысушылар үшін ең қиын кезең 3 шақырым жүгіру болды, өйткені бұл қашықтық тәжірибелі әрі дене бітімі жақсы дамыған спортшы үшін де жеңіл болып табылмайды, ал дайындығы жоқ қатысушы үшін шыдамдылықты тексеруге айтарлықтай үлкен сынақ. Аталмыш тапсырманы үміткерлер жақсы баға көрсете отырып тамаша орындап шықты.

Қатысушылардың саны 13 адамды құрады.

Сынақ қабылдау азаматтық қорғау майоры Тасмакинов Баймырзаның және азаматтық қорғау лейтенанты Ырғызбаев Нұрсұлтанның басшылық етуімен өтті.

Сынақ аяқталғаннан кейін барлық нәтижелер жалпы сомаға қосылып, қатысушыларға жарияланды.

«Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ» ММ кадр жұмысы бөлімі.

Пәтерді ұрыдан қорғау үшін...

Қостанайлық полицейлер азаматтарға күзет фирмаларының қызметін пайдалану қажеттігі туралы кеңес берді. «Жаңа қала» ауданының тұрғындары тәртіп сақшыларының бұл бастамасын қолдап, күзет фирмасын тандап алмақ.

Облыс орталығында полицейлер тұрғындармен кездесулер өткізіп, өз мүлкін ұры-қарыдан қорғау үшін күзет фирмаларының қызметіне жүгінген тиімді екенін түсіндіруде. Кездесуге белгілі күзет фирмаларының басшылары да қатысуда.



Күзет қызметін бақылау жөніндегі бөлімнің қызметкері Б.Уакбаевтың айтуынша, пәтерлердің пульттік күзеті соңғы кезде сұранысқа ие. Күзет жүйелеріне қосылған нысандар саны арта түсуде. Күзет фирмаларының өкілдері «Жаңа қаланың» тұрғындарына пульттік күзет туралы айтып берді. Пәтерді осындай күзетке қою арқылы ұры-қарыдан қорғаумен қатар, әртүрлі күтпеген жағдайдан, газ бен судың, өрттің кетуінен сақтауға болады. Күзетілетін нысанның мониторингі пәтерге орнатылатын және қалыптан тыс жағдайдың бәрін қадағалайтын арнаулы құрылғының көмегімен жүзеге асырылады. Үй-жайға қауіп төнген жағдайда ол күзет пультіне белгі береді, содан соң оқиға болған жерге жедел полиция наряды келеді. Оның үстіне бұл қауіпсіздік жүйесі тәулік бойына жұмыс істейді.

Аудан тұрғындарының көбі бұл қызмет түріне қызығушылық білдірді. Өйткені үйлерде ешқандай күзет жоқ. Баспана қауіпсіздігі оның иесі үшін аса маңызды екені белгілі, сол себепті әркім өз үйін қорғаудың қамын ойлайды. Ал Қостанай қаласында жыл басынан бері 767 пәтер ұрлығы тіркелген.

«Ұлттың — ұлы ұстазы»

Ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің 175 туғанына орай Амантоғай ауылының мәдениет үйінде «Ұлттың — ұлы ұстазы» мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқауға Амантоғай және Жалдама жалпы білім беретін орта мектебінің 5-7 сынып оқушылары қатысты. Байқау Ы.Алтынсариннің шығармаларын насихаттау, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау. Оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету, еңбекке тәрбиелеу.

Сайыскерлердің өнерін бағалау үшін Амантоғай және Жалдама жалпы білім беретін орта мектептерінің мұғалімдері және ауылдық билік өкілдері қазылық етті.




Байқау нәтижесінде бас жүлдені Жалдама жалпы білім беретін орта мектебінің 5 сынып оқушысы Рахымбек Құдайберген, 1-орынды Бексейіт Айдос, 2-орынды Шөптібай Жәния,

3-орынды Қалмағанбетова Жұмагүлсім иеленді. Жеңімпаздарға мақтау қағаздары салтанатты түрде табысталды.

Ж.ТӨЛЕГЕНОВА.
Аманкелді ауданы.

АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТӘРТІП – жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері



Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгені белгілі. "Қазақстан – 2050": қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Стратегиясында мемлекет пен қоғам бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу бағыттары негізделген. Сыбайлас жемқорлық – бұл тек құқық бұзушылық қана емес, сонымен қатар оның мемлекеттің тиімділігіне сенім арттыруды бәсеңдетіп, ұлттың қауіпсіздігіне тура қауіп-қатерін тигізетіні айтылған.

Сондықтан мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістер ең алдымен сыбайластықтың алдын алуға бағытталуы керек. Демек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу және қабылдау барысында міндетті түрде ескерілуі қажет.

Әрине, сыбайлас жемқорлық тақырыбы күрделі тақырыптардың қатарында. Бұған, тек елімізде ғана емес, бүкіл әлемді шарлап өткен қаржы дағдарысы да себепкер болды. Алайда, сыбайластықтың арқасында заң бұзшы азаматтар міндетті түрде мемлекеттік қызметтен босатылады.

Тек мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің салдарын-

да, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылату, мемлекеттік органдардың қызметін ашық әрі қолжетімді ету, қоғамдық бақылау шараларының тиімділігін жоғарылатудың нәтижесінде ғана мемлекетіміз жүйелі және дәйекті түрде сыбайластықтың негіздерін бұзып, оның себебі мен салдарын анықтап, жоққа шығара алады.

Түрлі кездесулер мен семинар-дәрістер өткізу барысында біз сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы қолданылатын механизмдері мен жолдарын ортаға саламыз. Сондай-ақ осы кездесулерде сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік органдарында жиі кездесетіндігі туралы жұртшылықтың пікірін де жиі естиміз. Сондықтан азаматтардың сана сезіміндегі осы бағытта қалыптасқан стереотиптерді бұзу негізгі мақсатымыздың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың ең басты ерекшелігі қоршаған ортаға бейімделе білуі.

Бүгінгі күннің шындығы осы қоғамдық кеселді жою мақсатында жаңа әрі тиімді, сонымен қатар кешенді шаралар қолдану қажет етеді. "Мемлекеттік қызмет туралы" және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" жаңа заңдардың негізгі ережелері мен мазмұны бұл үшін қажетті жағдайлар мен институттарды құрды. Мысалы, мемлекеттік қызмет туралы заң мемлекеттік қызметтегі барлық деңгейден өтудің негізгі ережелерін анық көрсетеді, конкурстық іріктеу тәртібі де өзгерді. Бүгінде осы аталған заң нормалары өзінің тәжірибелік қолданысын тапты.

Конкурстық іріктеудің жаңа форматы үш сатылы іріктеу негізінде жүзеге асырылады. Атап өтсек, заңнамалар білімін тестілеу, жеке қасиеттерін бағалау, сондай-ақ әңгімелесу болып табылады. Мемлекеттік органдарда жалпы және ішкі конкурстар жүргізу қарастырылған, яғни "соңғысында" төменгі қызметтерде жұмыс істейтін тәжірибелі мемлекеттік

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалды реформасын жүзеге асыру мақсатында "100 нақты қадам" Ұлттық Жоспары "2050 – Стратегиясын" жүзеге асырудың алғашқы он бес қадамы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған.

қызметшілер қатыса алады, бұл өз кезегінде меритократия негізінде мемлекеттік органның аясында олардың мансаптық ілгерлеуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар іріктеу рәсімдері мен мемлекеттік қызметшілерді одан әрі ілгерілетудің ашықтығы мен жариялылығына назар аударғым келеді.

Жаңа енгізілімге тоқталсақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саласындағы жаңа заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ретінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сияқты жаңа тетіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қарастырылғанын атап өткен жөн. Мемлекеттік қызметшілердің жаңа әдеп кодексі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу рөлін нығайтуда аса



маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік қызмет құндылықтары мен қағидаттарын бекітті, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жұмыста және қызметтен тыс уақытта мінез-құлық стандарттарын айқындады. Бүгінде мемлекеттік органдарда әдеп жөніндегі стандарттарды сақтауды бақылайтын әдеп жөніндегі уәкілетті тұлғалар енгізілді. Әдеп жөніндегі кеңестер құрылды. Оның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп бұзушылықтарға, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жүйелі шараларды әзірлеу бағытталып отыр.

Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында сыбайластық жемқорлық тәуекелді талдау нәтижелерін қарастыру, заң нормаларын дәйекті қолдануға, мемлекеттік органдардың кадр саясатындағы непотизмды жоюға мүмкіндік береді.

Тәжірибе көрсеткеніндей, жүргізіліп отырған реформа, заңнаманы жетілдіру мемлекет үшін жағымды фактор болып табылады. Мемлекеттік органдар жұмы-

сының тиімділігі мен ашықтығын арттыру, жаңа заңнама қабылдау елдегі демократияны одан әрі дамыту мен нығайту үшін жағдай жасайды.

Жетекші халықаралық сарапшылардың мойындауы бойынша, мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі ТМД-дағы ең үздіктердің бірі болып табылады. Дегенмен мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінде, мемлекеттік қызметшілердің бәсекеге қабілеттілігі, олардың кәсібилігі және патриотизмі маңызды рөл атқарады.

Ел Президенті жаңа формациядағы жаңа әдеп тасушы жоғары кәсіби мемлекеттік қызметшілер корпусын қалыптастыру жөнінде айқын мақсат қойды. Олар жай қызметкерлер ғана емес, мемлекетке және халыққа қызмет етуде үлгі, патриотты және әділ болатын қызметкер болуға тиіс, өйткені қазіргі мемлекеттік қызметтен біздің қоғамымыз дәл осыны күтіп отыр.

Б.БЕСПАЛИНОВ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Білім берудің жаңа мазмұны

Қазіргі таңда еліміздегі білім саласындағы өзгерістер, қоғамның ашықтығы және оның жылдам ақпараттануы білім беруге деген талапты өзгертуде. Елбасымыз өз сөзінде "жетілдіру үдерісінің ең басты табысы – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады" деп қадап айтқан-ды. Бүгінде білім беру саласындағы жаңарту барлық бағытта жүзеге асырылуда. Мемлекеттімізде қабылданған Ұлт жоспары "100 нақты қадамның" 76, 77, 78, 79-шы қадамдарында еліміздің барлық білім жүйесінің буындары, яғни мектептегі сапалы білім беруден бастап жоғары оқу орындарында сапалы мамандар даярлау қажеттігі, мысалы, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту, Назарбаев Университеті тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту туралы қадап айтылған.

Қазақстанның отыз мектебінде жаңа білім берудің мазмұны бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылған-ды. Міне, осы жобаның қорытындысы аясында үстіміздегі жылғы 1 қыркүйегінен бастап 1 сынып оқушылары жаңа білім берудің мазмұнымен білім алатын болады. Жаңа білім беру мазмұны бойынша 5 күндік оқытуға көшіріледі, сол секілді жоғары сыныптардағы 18-19 пәннің кейбіреуі 14-ке дейін қысқартылады деп жоспарлануда. Сыныптар жаңа білім беру мазмұнына көшкенде ғана бұл өзгерістер бірте-бірте енгізілетін болады. Осы өзгерістерге байланысты 2016 жылдың мамыр-тамыз

айлары аралығында бастауыш сыныптың пән мұғалімдері өздерінің біліктілігін арттырды. "Өрлеу" біліктілікті арттыру Ұлттық және Назарбаев зияткерлік мектептерінің педагогтар шеберлігі орталықтарының даяр-



лаған жаңа мазмұндағы бағдарламасымен білімдерін көтерді. Сонымен бірге республика бойынша барлық мектеп директорларын, олардың орынбасарларын, білім бөлімдерінің әдіскерлерін алдағы уақытта оқыту жоспарда тұр. Үш тілділік бойынша да түрлі сауалдардың туындағаны рас, алайда еліміздің келешегін, балаларымыздың бәсекеге қабілеттілігін ойласақ, мемлекеттік, орыс тілдерімен қоса ағылшын тілін оқушы балаларымызға

үйретуіміз қажет. Ел Президенті "тіл үйретуді бірте-бірте мектептен бастауымыз керек, жоғары сыныптарға барғанда тілді толық білулері қажет" деп айтқан-ды. Үш тілділікті енгізудің басты мұратында мемлекеттік тілімізді толық білу тұруы керек. Сондықтан да, қазақ тілін оқу, білу барша қазақстандықтардың басты міндеті болып табылады. Барлық мектептерде, соның ішінде орыс тілді мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетті оқытумен қатар "Қазақстан тарихы" қазақ тілінде жүргізілетін болады. Жаңа білім беру мазмұны бойынша бағдарламаға сай орыс тіліндегі оқыту мектептерінде қазақ тілін оқыту сағаттары ұзартылады. Орыс тілі 1 сыныптан бастап барлық сыныптарда оқытылады. Енді үштілділікке оралайық, үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап бірден барлық сыныптарда пәндер үш тілде міндетті түрде оқытылмайды. Рас, тілдер оқытылады, бірақ пәндер өз оқыту тілі бойынша жүргізіледі. Бағдарламаға сәйкес тек 10 және 11 сы-

ныптарда, 2019 жылығы қыркүйекте ғана төрт пән бойынша (физика, химия, биология, информатика) ағылшын тілінде, аптасына 8 сағат оқытылатын болады. Осы өзгерістер үш жылдан соң енгізіледі. Оқытуы қазақ тіліндегі мектептерде математика, қазақ тілі, әдебиет, Қазақстан тарихы, география және басқа пәндер қазақ тілінде оқытылады, барлығы – 16 сағат. Орыс тілі, әдебиет, дүниежүзі тарихы, оқыту тілдеріне қарамастан орыс тілінде жүргізіледі. Осындай оқыту орыс тілді мектептерде де оқытылатын болады. Оқытудағы бұл өзгерістер тек жоғары сыныптарда және үш жылдан соң болады, ал, басқа сыныптарда оқыту базасы өзгеріссіз, сол бұрынғысынша қалады. Әрине, тілдік жүктемелер көбейеді, ал, оқушыларымыз үш тілділікке бірте-бірте үйреніп, жақындайды.

Г. МАЙҚАНОВА,
аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.
Ұзынкөл ауданы.

Топтаманы даярлаған Гүлназым Сағитова

● ИНВЕСТИЦИЯ ИІРІМДЕРІ

Арқалықтың жаңа келбеті

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИИДБ) еліміздің жалпы ішкі өнімін өсіруге мүмкіндік беретін маңызды құжат. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Индустриалды-инновациялық бағдарламаның елімізді дамыған бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосатындығын айтқан болатын. Бағдарлама аясында ел экономикасының шикі заттық емес секторын арттыру, өңдеу өнеркәсібінің еңбек өнімділігін ұлғайту, сондай-ақ жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендету көзделгені белгілі. Нәтижелі іс қимылдардың арқасында халқымыздың өмір сүру ұзақтығын арттыру, табысы төмен әлеуметтік топтардың санын азайту және жұмыссыздық деңгейін төмендету жоспарланған болатын. Өстіп, Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының еліміз үшін экономикалық және әлеуметтік маңызы айрықша арта түсуде.

Біз осы ретте Арқалық өңірінде атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысқан едік.

Бүгінгі таңда Арқалық қаласы бойынша жалпы құны 25 млрд. 387 млн. теңгені құрайтын бес ірі инвестициялық жоба жүзеге асуда. Атап айтқанда: "Агроинтерптица" ЖШС – өндірістік қуаттылығы жылына 300 млн. жұмыртқа өндіруге лайықталған құс фабрикасын дамыту және модернизациялау, "Нұр - Жайлау НС" ЖШС – 3000 бас ірі қараға арналған етті мал бордақылау алаңының құрылысы, "КазВиндЭнерджи" ЖШС – өндірістік қуаттылығы 48 МВт жел электрстанциясын салу, "Ақ-Тас СК" ЖШС – өндірістік қуаттылығы 531 мың тонна нефритоид кенін өндіру, "Огнеупорхимстрой" ЖШС – өндірістік қуаттылығы 48000 тонна отқа төзімді материал өндіретін зауыт құрылысын салу.



– Күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі – өңірлерге инвесторларды тарту. Қаржы болмайынша, қарекеттің де болмайтыны белгілі. Қазір біз осы бағыттарға қарай ұмтылыс жасап жатырмыз, – дейді қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Дархан Хамзин.

Олай болса, ел өміріне жаңа леп әкелген жобалармен жақынырақ танысып көрейік.

Құс шаруашылығы қарқынды

Арқалық құс фабрикасының дамуы екі кезеңге жоспарланған. Бірінші кезеңінде (2010-2011 жылдар) шаруашылық алаңын құрып, қондырғыларды орнату жұмыстары жүзеге асты. Екінші кезеңінің (2020 жыл) мақсаты бас жоспарына сай жылына 300 млн. жұмыртқа өндірістік қуаттылығына шығу. Жоба құны: 3 млрд. 529,0 млн. теңге.

Жоба облыс әкімдігінің 21 маусым 2012 жылы №284 қаулысымен облыстың 2010-2014 жылдарға арналған индустриаландыру картасына кірген. Нәтижесінде жер телімі бөлініп, кәсіпорын 2011 жылы пайдалануға берілді. 2012 жылы 249 жұмыс орны құрылып, жұмыртқа өндіру 81,5 млн. данаға, 2013 жылы 100,0 млн. данаға жетті. Шаруашылық одан бергі жылдарда да өсім қарқынын тежеген жоқ. Қазіргі таңда 15 құс қорасы бар. Ағымдағы кезеңге тиесілі шаруашылықта 390 мың бас құс есепте. Оның 66%-ы (314 мың 261 бас) жұмыртқа береді. Биылғы жылы 35,8 млн. дана жұмыртқа, яғни өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8% өсіммен (35,6 млн. дана) жұмыртқа өндірді.

Икемді инвестициялық жоба осылай қарқынын арттырып келеді. Шағын жемдеу цехы іске қосылып, екі жем-тарату тіркемесі, сатылып алынды. Жоба иелері болашақта жұмыртқа ұнтағын өндіру, құс етін өндіру жоспарлары мен бөлісіп жүр. Қазірдің өзінде құс союға қажетті қондырғыларды жеткізіп қойған.

Жақында құс фабрикасының жетіспейтін инфрақұрылымы үшін "Бизнестің жол картасы" бағдарламасының екінші бағыты бойынша желілік электрстансасын (ЛЭП 35 кВ) орнату жұмыстары қолға алынбақ. Нақтырақ айтқанда құс шаруашылығы орын тепкен Айдар ауылынан қосалқы желілік екі шағын станса тұрғызылатын болады.

Осы мақсатқа қазынадан 268,0 млн. теңге бөлініп отыр. Мердігері "Алюминстрой" ЖШС.

Етті мал өсіру екпінді

"Нұр - Жайлау НС" ЖШС Жобасы да екі кезеңді қамтиды. Бірінші кезеңінде (2012-2013 жылдар) шаруашылық алаңы салынып, асыл тұқымды мал төлдері сатылып алынды. Екінші кезеңінде (2017 жыл) 3000 бас "Абер-



дин - Ангус" тұқымды мал өсіріп, жобалық қуаттылығына шығу. Жоба құны: 2400 млн. теңге. Мұнда елу адамға жұмыс орны құрылды.

Жоба облыстың 2010-2014 жылдарға арналған индустриаландыру картасына енген. Инвестициялық жоба 2013 жылы 10 маусымда іске қосылды. 2013 жылы жаңа жоба аясында 38 адам жұмыс тауып, мал басы 1479-ға жетті. 2014 жылы жұмыс орны қосымша он адамға үстемеленіп, асыл тұқымды мал саны 2179-ды құрады. Есепті



кезеңдегі мал басы 2704, оның мыңға тартасы аналық ірі қара санатында. Жылқы саны 395, оның 115-і аналық мал. Жем-шөп базасы мен жабдықталған. Үш мың гектарға жуық егістік алқаптарында арпа, сұлы, қарақұмық, қара бидай сияқты жемдік дақылдар өсіріледі. 2017 жылы 3000 бас "Абердин - Ангус" асыл тұқымды мал өсіру жобалық қуаттылығына шығып, 50 жұмыс орны түзілмек.

Жел электр стансасы салынады

Арқалықтан жел электр стансасын салу жоспары 2014-2019 жылдарға жоспарланған. Жоба құны: 15 млрд. 900,0 млн. теңге. Қамтылатын жұмыс орны он адам.

Бұл жоба да, облыстың 2015-2020 жылдарға арналған индустриаландыру картасына енгізілген. Бүгінгі таңда осы мақсатқа 298 гектар жер бөлініп, өтінім беруші тарапынан 70,0 млн. теңге қаржы иегерілді.

Нефритоид өндіріледі

Жобаның таралу мерзімі 2015-2018 жылдарды қамтиды. Жоба құны: 1 млрд. 858,0 млн. теңге. Жылына 4 400 куб.м өнім өндіру көзделген. Жаңа жоба жүзеге асса 88 адамға жұмыс орны құрылады.

Жоба облыс әкімдігінің қаулысы мен облыстың 2015-2020 жылдарға арналған индустриаландыру картасына енген.

Бүгінгі таңда өтініш берушілер қаржы мәселелерін шешу, қажетті қондырғыларды әкелу жұмыстарымен айналысуда.

Отқа төзімді материал

Отқа төзімді өнім өндіру жобасының таралу мерзімі 2015-2018 жылдарға жоспарланған. Жоба құны: 1 млрд. 700,0 млн. теңге. Өндірістік қуаты жылына 48 мың тонна өнім өндіруге бағытталған.

Қазіргі таңда инвесторлардың араласуымен "Қазақмыс" АҚ зертханасында шикізатқа химиялық сараптама-лар жүргізіліп, бизнес жоспары жасалды. Зауыт салу мақсатына 2 га. жер телімі белгіленді. Енді, меншік иелері шетелдермен лизингке қондырғылар алу келіссөздерін жүргізуде.

Кезегін күткен жаңа жобалар:

Ел үмітін үкілеген тың жобалар қаланың жаңа келбетін беруде. Солардың қатарында индустриаландыру картасынан тысқары және бір инвестициялық жобаның құрылысы аяқталу шегінде. Ол 12 000 тонна астықты бір мезетте кептіріп, сақтап, тиеуге лайықталған элеватор. "Угольный тупик" ЖШС. Жоба құны 252,4 млн. теңге. Пайдалануға беру мерзімі 2016 жылдың қыркүйек айы. Құрылыс диттеген мерзімін де тапсырылады деп күтілуде. Бүгіндері негізгі астық сақтау қоймасы салынып, Түркия елінен құны 128,5 млн. теңге тұратын қондырғы әкелінді. Элеватордың пайдалануға берілуімен бірге 15 адамға жұмыс орны ашылады.

Таяуда тағы бір қуанышты хабар жетті. "Ұлттық геологиялық барлау компаниясы" АҚ (Қазгеология) тапсырысы бойынша "Экологиялық жобалау және талдау орталығы" ЖШС Арқалық өңірінен сирек кездесетін металл иттрий қорын анықтады. Иттрийдің қуаттылығы ураннан да жоғары, – дейді мамандар. Оны атомдық энергетика мен машина құрылысына пайдаланатын көрінеді.

Міне, Арқалықтың бүгінгі жаңа келбеті осындай.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Дархан Хамзин және инвестиция иірімдері.

Суреттерді түсірген автор.



Ел ырысы есепене түссін десеніз...



Н А Қ Т Ы
Қ А Д А М

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын жүзеге асыру болашақты бүгіннен қалыптастыруға бағытталған ең негізгі бағдаршам деуге болады. Президент өз сөзінде, мұның Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға зор септігі тиетіндігін атап өткен-ді. Тек, Ұлт жоспарында белгіленген межелі тапсырмаларға мейлінше көңіл бөлу қажет. Сонда ғана ел экономикасы өрістейді, әлеуметтік жағдайы күшейеді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 35-қадамында ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу, Жер Кодексіне және басқа да заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы айтылған. Әрине, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану және нарық айналымына түсіру экономиканы дамыту бағыттарының бірі болып саналады.

Бұл бағытта Тобыл өңірінде ілкімді жобалар жүзеге асып жатқаны баршаға аян. Облыс аграрлық аймақ болғандықтан, мұның маңыздылығы ерен. Өңірде ауыл шаруашылығының қажетін өтейтін 10,5 миллион гектар жер бар. Оның дені несібесін жерден теріп жеп келе жатқан тәжірибелі аграршылардың еншісіне тиіп отыр. Яғни, біздегі ауылшаруашылық құрылымдары Жерді ұзақ мерзімді жалға алу арқылы қарапайым халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға нақты көңіл бөлуге ынталы. Облыстың ұлан-ғайыр даласында әлмисақтан бітік егін де өсіріледі, мыңғырған мал да күтімде.

Рас, салада кейбір түйткілді мәселелер кенжелеп қалғаны жасырын емес. Мәселен, облыста ет өндірісі баяу қарқынмен жүргізіліп келді. Сондықтан, кедендік одаққа мүше елдер нарығын пайдаланып ет өндірісі мен оны

өңдеуді жолға қою мақсатында Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары және ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі арасында ет бағытындағы мал шаруашылығын дамытудың облысаралық кооперациясын құру жөніндегі жоспар жасалғаны баршаға аян. Өткен жылы Қарабалық ауданындағы «Терра»



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 3400 бас ірі қараға арналған бірінші санаттағы бордақылау алаңын салды. Аталған келісім бойынша Қарасу ауданындағы «Қарамаман-К» және Қамысты ауданындағы «Алтынсарин» шаруашылықтарындағы бордақылау алаңдарын да дамытып, алдыңғы дәрежеге жеткізу жүзеге асырылмақ.

Жоғарыда аталған үш шаруашылықта тоғыз мыңға тарта мал бордақыланады. Бұл тәп-тәуір көрсеткіш. Алдағы уақытта облыстың өзге де аудандарында осындай арнайы мал семіртетін алаңдары салынса қандай ғанибет! Бұл дегеніңіз, ондаған жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Тағы да мысалдарға жүгінейік, осы жақында ғана Қарасу ауданына жолымыз түскенде,

ондағы «Қарамаман-К» серіктестігіндегі мал бордақылау алаңында болғанымыз бар. Бас-аяғы үш-төрт жылда үлкен кешенге айналған мұнда бар болғаны он үш адам ғана жұмыс істейді. Бірақ, олардың айлық табысы орташа есеппен жүз жиырма мың теңгеден асады. Шаруашылық басшысы Талғат Малаевтың айтуынша, алдағы уақытта кешен тағы да бірнеше жаңа мамандармен толығыуы мүмкін. Қарасулықтардың өздері ет өткізуде онша іркілістің жоқтығын айтады. Өйткені, Қостанайдың іргесіндегі «Қарасу-ет» компаниясы соңғы кездері мал өнімдеріне сұранысты мейлінше арттырып келеді. Бұл сырт елдерге ет экспорттау мәселесінің бір ізге түскенін аңғартса керек.

Жалпы, ет кластерінің құрылуы саланы таяу болашақта инновациялық жолмен дамытуға, облыстағы бүгінгі қырықтан асатын бордақылау алаңдарын барынша кеңейте түсуге, ет өндірісі көлемінің жоспардағы ауқымын игеріп, ірі қара етінің экспорттық әлеуетін жылына 3000 тоннаға, болашақта 5600 тоннаға дейін жеткізуге жол ашады. Ет кластерін мемлекеттік қолдау мақсатында «Тобыл ӘКК» акционерлік қоғамы арқылы 400 миллион теңге бөлінген.

Етпен қатар облыста сүт өндірісі, оны өңдеу желілерінің технологиясын жаңғырту ісі де жолға қойылып келеді. Өткен жылы Қостанай ауданындағы «Садчиковское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде тәулігіне 5 тонна қаймақ, айран, йогурт дайындайтын цех пайдалануға берілді. Рудный қаласында «Лидер-2010» сүт зауыты жылына 6,8 мың тонна сүт және сүт өнімдері желісін іске қосты. Бұл да облыс ауылшаруашылығы үшін ілкімді жаңалық екендігі даусыз.

Ал енді Елбасының тапсырмасына орай жүзеге асырылып жатқан жерді әртараптандыру саясаты Тобыл өңірінде жақсы нәтижелерге бастағанын көріп жүрміз. Оған мысалды алыстан іздеуге болмайды. Меңдіқара ауданындағы «Қарқын» ЖШС-і астықты өңірдегі дәулеті асқан шаруашылықтардың бірі. Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқанов басқаратын серіктестіктің қарамағында барлығы 36032 мың гектар алқап бар. Соның жиырма мың гектардан астамы

бидайдың еншісінде болғанмен, шаруашылық жыл сайын майлы дақылдар үлесін арттырып келеді. Мәселен, шаруашылық рапс, күнбағыс, зығыр, қарақұмық және басқада майлы дақылдарды өсіруге ниетті. Өйткені, оларға деген сұраныс жоғары әрі бағасы бидайдан гөрі жоғары.

С.Бұқанов басқаратын кәсіпорын Меңдіқара ауданындағы жер жағдайы онша құнарлы болмаса да, соңғы жылдары гектарынан орташа есеппен 20 центнерге дейін өнім жинап жүр. Шаруашылық ауылды одан әрі дамытуға бағытталған және мемлекеттен қаржыландырылып отырған бағдарламаларға белсене қатысып келеді.

– Бүгінде мемлекет елдің аграрлық секторына үлкен қолдау көрсетіп отыр. Соның арқасында ауылдар қайта түлеп, аяғынан тұрып келеді. Мәселен,



біздің шаруашылық соңғы бес жылда техника паркін 100 пайызға жаңартты. Біз дала жұмыстарына Канада, АҚШ, Аргентинада шығарылған машиналар мен тракторларды пайдаланамыз. Олардың жұмыс өнімділігі өте жоғары. Жерді өңдеуде де ресурстарды үнемдейтін ілгерішіл технологияларды қолданамыз. Осының бәрі жылдар бойғы жинаған тәжірибе арқылы келді. Білмегенімізді үйрену үшін шетелдерге жиі шығып тұрамыз, – дейді «Қарқын» ЖШС директоры Сайран Балкенұлы.

«Баптай білсең жер жомарт» дейді дана халқымыз. Жерден мейлінше мол өнім алып, ел ырысын арттыру үшін оған тиісті күтім жасау диқандар қауымының ежелгі дәстүрі. Біздің өңірде жердің құнарлылығы әртүрлі болғандықтан, одан түсетін өнімнің әрқилы болуы да заңды

құбылысы. Дегенмен, шетелдегідей жоғары технологияны қолданысқа енгізсе тақыр жерден де күреп табыс табуға болады. Мұны ауылшаруашылық мамандарының өздері айтып жүр.

– Биыл көктемде ылғал мол болды. Соны дер кезінде сақтап қалуға тырыстық. Әрі жер өңдеу технологиясын жетік меңгерген соң, құнары төмен топырақтың өзінен қыруар астық алуға болады. Биыл да біз сондай мол өнімге иек артып отырмыз, – дейді «Қарқын» ЖШС бас агрономы Арман Қодаров, – Жалпы, менің ойымша жерге нағыз ие керек. Ол жерді жалға ала ма, әлде сатып ала ма, мәселе онда емес, ең бастысы ол жұмыс істеуі тиіс. Халыққа пайда келтіруі қажет. Қазір көптеген алқаптар күнге қақталып, бос жатыр. Бұлай жата берсе, ол жер азбағанда қайтеді. Мәселен, біздің шаруашылық жылдан жылға жерді әртараптандыру саясатын әлдендіріп келеді. Қазірдің өзінде барлық алқаптың тең жартысына жуығы майлы дақылдар мен жем-шөп қорына тиесілі. Бұдан ұтпасақ ұтылмаймыз.

Бас агрономның бұл сөзін әріптесі, бөлімше басқарушысы Аманбай Бралин де қолдап отыр.

– Негізі бәріміз де ауылда туып-өстік қой. Мен, мәселен, бала күнімнен бастап жер еміп өстім десем қателеспеймін. Қазір елімізде қаншама жер қараусыз қалып қойған. Ол жерлерде мал біткен бей-берекет жайылады немесе арам-шөп басқан. Осыны неге қолынан іс келетін епсекті жанға тапсырмақ. Сонда ол елге пайдасын тигізеді еді. Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да бұл туралы жақсы айтылған. Соны жүзеге асыруымыз керек, – дейді ол.

Жүзі күнге күйіп, қысы-жазы

егіс даласынан шықпайтын ауылдағы еңбекші ағайын осылай дейді. Жердің игілігін ел көрсін, жұмыс істесін деген ықылас-ниеті жатыр мұның астарында. Тек Қазақстанда ғана емес, мұндай әдіс әлемдік тәжірибеде кең қолданыста. Яғни, бәрі адамның өз қолында. Мыңғыртып мал өсірсең де, жайқалтып егін ексең де ешкім қой демейді. Ең бастысы, ауылшаруашылық саласына тиесілі өз мүмкіндігіңді қапы жіберме. Сонда ғана ақ адал еңбегің өтеледі.

СУРЕТТЕРДЕ: «Қарамаман-К» ЖШС директоры Талғат Малаев; мал бордақылау алаңы; «Қарқын» ЖШС бас агрономы Арман Қодаров; бөлімше басқарушысы Аманбай Бралин; комбайндар егіс алқабында.

Суреттерді түсірген автор.

● АҚБҰЛАҚ

Таза ауыз су – адам денсаулығының кепілі. Үкімет соңғы жылдары халықтың әлауқатын, білімі мен денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар мақсатты бағдарламаларды қабылдап, жүзеге асырып келеді. Соның ең өзектісі – ауыз су мәселесі болып табылады. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған әр жылдардағы Жолдауының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырып жүр. Сондықтан да оны шешудің маңызды бір жолы ретінде елімізде Елбасының тапсырмасымен «Ақбұлақ» бағдарламасы қабылданған болатын. Бұл бағдарлама өзінің алдына қойылған міндеттерді орындап, халықтың қолын

ету жүйесі «Тобыл» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының балансына өтті. Осы уақыттан бері мекеменің жауапты қызметкерлері халықпен тығыз жұмыс істеп, кез келген апатты жағдайлардың алдын алып отыр. Сондай-ақ, жуырда тозығы жеткен 150 метрлік құбырдың толығымен жаңартылуы халықты ауыз сумен тұрақты түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Тіршілік нәрі тереңдігі 65 және 70 метрлік екі құдықтан алынып, таңертең және кешкі уақытта 3-4 сағатқа беріледі.

– Құдықтан алынатын су ай сайын ауданның санэпидстанциясында арнайы тексерістен өтеді. Яғни оның құрамында адам денсаулығына зиянды элементтер болмаған жағдайда санитарлық талаптарға




Баршаға ортақ игілік



орталықтандырылған таза ауыз суға жеткізу барысында бірқатар түйінді мәселелердің оңды шешілуіне ықпал етті. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында Таран ауданында да тиісті жұмыстар атқарылуда.

Мәселен, Набережный ауылдық округіне қарасты Елизаветинка ауылында ауыз су мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Бұл жердің орталықтандырылған су жүйесі 2008 жылы жеке меншікке өткен болатын. Бірақ та меншік иесі ауысқанымен өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері күрделі жөндеу көрмеген құбырлар үнемі істен шығып, тұрғындардың наразылығын тудыра бастады. Қанша жерден жарықтарды бітегенімен ескінің аты ескі ғой. Бір жағынан, апатты жағдайда жерді қазуға техника болмай, қаладан арнайы шақыртылатын. Сөйтіп, шығынға белшесінен батқан кәсіпкер су жүйесін ұстап тұрудан бас тартып, ауылдың суы 3 жылдай иесіз қалды. Су бірде бар, бірде жоқ. Егін мен төрт түлікті суару былай тұрсын, жергілікті халық бір жұтым суға зар болды. Тек 2013 жылы Таран ауданының әкімі Бақберген Өтеулиннің тікелей қолдауымен елді мекеннің сумен қамтамасыз



сай деген рұхсат қағазын аламыз, – дейді «Тобыл» МҚК директоры Таңсықбай Садықов.

Бүгінде Елизаветинкада мыңнан астам адам тұрады. Еңбекке жарамдыларының басым бөлігі Рудный қаласы мен Варваринское кен орнына қатынап жұмыс істейді. Бұл жерде табиғи газ әр үйге тартылған. Көмір жағып, әлекке қалу деген жоқ. Рудныйдан 18 шақырым-ақ жерде орналасқандықтан Елизаветинкаға көшіп келушілер қатары көп. Әсіресе, ауыл қандастарымыздың құтты мекеніне айналған.

– Өзбекстанның Тамды ауданынан 2008 жылы көшіп келдік. Ұлдарым қазір кен алыбында, келіндерім ауыл мектебінде жұмыс істейді. Атажұртқа оралып, балаларым мен немерелерім осында өсіп-өніп жатқандығына ризамын. Ауыл өзіме қатты ұнайды. Қаладан еш айырмасы жоқ. Көгілдір отын да, ішетін су да үйге келіп тұр. Үйдің барлық шаруасы сусыз бітпейтінін білесіз. Сондықтан «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасын орындаушыларға айтар алғысым зор дейді, – дейді Рая Жапқараева.

Әрине, атқарылған жұмыстар аз емес. Бірақ, шешімін таппаған

мәселе де бар. Атап айтсақ, биыл ауылдың батыс беткейіндегі бірнеше үйге су келмей тұр. Халық амалсыздан құдық жағалап, түрлі ыдыстармен суды тасып ішуде. Осыған байланысты, «Тобылдың» басшысы Таңсықбай Жұманғалиұлы былай деп түсініктеме берді:

– Судың да сұрауы болады. Бүгінде техникалық су Аят өзенінен алынады. Ал «Казводхоз» мемлекеттік мекемесі бекіткен бұл судың бағасы текше метріне 510 теңгені құрайды. Ауыз суға болса, мемлекет субсидия қарастырған. Яғни әр адам айына 3,5 текше суды 30 теңгеден тұтына алады. Бір отбасында 5 адам болса 17,5 текше немесе 17,5 тонна су. Осыны ескерген жұрт қорадағы малын да, егінін де ауыз сумен суарады. Ол үшін үйлеріне суды сорып алатын насостар орнатқан. Биыл осы насосы сатып алушылар қатары өсті. Сондықтан құбырмен таралған суды жүздеген насос тартып алады да, алыстағылар сусыз қалып отыр. Бұған тосқауыл қою мүмкін болмай тұр. Біз қысы-жазы тәулігіне ауылдықтарға 200 текше метр ауыз су жібереміз. Бұл бекітілген норма. Күзге қарай жағдай түзеледі. Бірақ халық тек өзін ғана ойламай, сәл түсіністікпен қараса жақсы болар еді. Себебі ауыз су баршаға ортақ игілік.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.



● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі

Нарықтық экономика қатаң бәсекелестікпен сипатталады. Нарықтық экономикада өндіріс пен мемлекеттің жалпы ахуалын өркендетудің негізгі бастауларының бірі – өндірілетін өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің бәсекелік қабілетін арттыру. Бәсекеге қабілеттілік кез-келген елдің экономикасының дамуының ерекше маңызды факторы және шаруашылық кешенінің ең жақсы экономикалық көрсеткіші.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі – жаһандық зерттеулер және әлем елдерінің экономикалық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша онымен қоса жүретін рейтингі.

Әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индекстерін Бүкіләлемдік экономикалық форум өзінің жыл сайынғы қорытындыларында шығарып отырады. Бұл зерттеулер 2004 жылдан бері жүргізіледі және қазіргі кезде әлемнің түрлі елдері бойынша

ша бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің неғұрлым толық кешенін бейнелейді.

Дүниежүзілік Экономикалық Форумның Бүкіләлемдік жаһандық индикаторы 119 көрсеткіштен құралады. Оның 34-і статистикалық мәліметтер қорытындысы бойынша, қалғаны еліміздің орта және ірі кәсіпорындары жетекшілеріне сауалнама жүргізу нәтижесі бойынша есептеледі. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі әр түрлі экономикалық даму деңгейінде дамыған әлем мемлекеттерінің ұлттық бәсекеге қабілеттілікті айқындайтын 119 көрсеткіші ішінен 12 бақылау көрсеткіштеріне біріктірілген. Олар: "Институттар сапасы", "Инфрақұрылым", "Макроэкономикалық тұрақтылық", "Денсаулық және бастауыш білім беру", "Жоғары білім және кәсіптік даярлық", "Тауарлар мен қызметтер рыногының тиімділігі", "Еңбек рыногының тиімділігі", "Қаржы рыногының

әртүрлілігі", "Технологиялық даму деңгейі", "Ішкі рыноктың мөлшері", "Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі" және "Инновациялық әлеует".

Қазақстан 2012 жылдан бастап рейтингке экономикасы дамуының екінші кезеңінен, яғни өнімділікке негізделген кезеңнен дамудың үшінші кезеңіне - инновацияларға негізделген кезеңге өткен ел ретінде қатысады.

Қазіргі уақытта Ұлттық экономика министрлігі Дүниежүзілік Экономикалық Форум, Бүкіләлемдік жаһандық индикаторы үйлестірушісі ретінде Дүниежүзілік экономикалық форумның 2016 жылға дейінгі бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі көрсеткішін жақсарту бойынша шаралар жоспарын әзірледі.

М.ШАХБУТОВ,
Науырзым аудандық әділет басқармасының басшысы, "Заңгерлер одағы" РҚБ ҚОФ мүшесі.

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020

Игілігі – екі есе

Қарабалық ауданында осы ай ішінде жиырмаға жуық білім беру және мәдениет нысандары ағымдық жөндеуден өткізіледі. Мұның сыртында, ауданішілік жолдарды қалыпқа келтіру бойынша сегіз жоба іске аспақ. Бұларды "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы аясында Ұлттық қор және облыстық қазына қаржыландырады.

Ауданда аталмыш бағдарлама шеңберінде мұндай жобалар алғашқы жыл жүзеге асқалы отырған жоқ. Пайда оңды-солдан: әлеуметтік нысандар жөнделеді, әрі бұл жұмыстарға жергілікті жұрт жұмылдырылады. Ірі мемлекеттік бағдарламаның алғашқы бағытының мәнісі де осында – "Инфрақұрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту есебінен жұмыспен қамту".

Биыл Қарабалық ауданына осы жобаларға 181 млн. 933 мың теңге бөлінген. Қаржының көп бөлігі – 71 млн. теңгеден астамы мәдени нысандардың ағымдық жөндеуіне бағытталды. Тармақтай айтқанда, аудандық мәдениет үйінің вентиляциялық жүйесі жаңартылады, Святослав, Белоглин, Смирнов, Станционный, Жеңіс, Приречный мәдениет

үйлері мен Надеждин, Сарыкөл елді мекендерінің клубтары ағымдық жөндеу көреді. Әр мәдениет ғимаратына 8 млн. теңгеден астам қаражаттан бөлінеді.

Білім беру саласының мамандары да бағдарлама игілігіне қарық болғалы отыр. Аудан орталығындағы "Жас Талап" оқушылар тұратын орталық ағымдық жөндеуден өтеді. Сондай-ақ, Боскөлдегі шағын орталық, Научный, Бөрлі, Михайлов, Ново-Троицк, Приреченский, Славенский, Смирнов пен Примагнайскийдегі мектеп спорт залдары әрленеді. Бөлінген қаржы ең әуелі ахуалы өзекті нысандарға бағытталмақ.

Ал кейбір елді мекендердің тұрғындары үшін кезек күттірмейтін мәселе – жол жағдайы. Жөндеу жұмыстары, әрине, ағымдық қана, дегенмен шұңқырлары бітеліп, жүріске жарардай тегістелсе, соның өзі ауылдықтар үшін пейіл. Научный, Ворошилов, Верен, Приречный, Лесной және Боскөл ауылдарының жұрты бір қуанғалы отыр. Аудан орталығының көшелеріне ағымдық жөндеу жүргізуге 8 млн. теңге қарастырылды.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК



Көлік жуу – 300 теңге

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қалалық мүгедектер қоғамы автокөлік жуу бекетін ашты. Мұның басқалардан ерекшелігі, темір тұлпар иесі барлық жуу, сұрту жұмыстарын өзі жасайды. Ол үшін суды қысыммен беретін арнайы "Keller" құрылғысы, ысқыш, шүберек пен шелек сияқты жабдықтар дайын. Қызмет құны – 300 теңге.

Ғылым мен технология қарыштап дамыған қазіргі заманда уақыттан асқан байлық жоқ. Ұзын-сонар кезек күттірмес үшін қызметтің көптеген түрлері жартылай автоматтандырылып немесе ғаламтор-дүкендер арқылы тапсырысқа көшкен. Ал көлік жууға келсек, көптеген жүргізушілер арнайы бекеттерде сағаттап тұрғысы келмейді. Сондықтан рудныйлық қоғамның жаңашылдығы уақыты мен қаржысын үнемдеуді мақсат еткен осындай жандарға ыңғайлы.

– Басында бұл құрылғыларды "Инватакси" қызметін жүзеге асыратын өз көліктерімізді жуу үшін сатып алдық. Кейін әрі-бері өткен көлік жүргізушілері қызығушылық танытып, көліктерін жууға өтініш білдіре бастады. Сөйтіп, не керек, уақыт өте күніне 7-8 сегіз көлікке қалай қызмет көрсеткенімізді білмей қалдық. Алғашқы күндері келушілер көңілдері қалаған төлемақыларын қалдырып жатты. Қазір болса, бекітілген баға бар, – дейді қоғам жетекшісі Санаш Есжанов.

Оның айтуынша, құны 40 мың теңге тұратын арнайы құрылғы бір айдың ішінде өзін ақтаған. Мүгедектер қоғамы орналасқан аумақ кең болған-

дықтан қаржы жинап, алдағы уақытта тағы бір осындай құрылғы сатып алуды жоспарлап отыр.

– Біздің бекетте көліктерді химиялық қосындылармен, су-сабындармен жууға болмайды. Себебі, тиісті мекемелер тарапынан рұқсат қағазы жоқ. Жуырда "Даму" қорына кезекті жобамызды ұсындық. Егер құдай қалап, грант ұтып алатын болсақ, бөлек ғимарат салып, онда көлікті жуатын және маусымдық қызмет көрсететін орталық ашқым келеді. Яғни біз жағдайды жасаймыз да, нақты жұмысты клиенттердің өзі атқаратын болады, – дейді Санаш Сағындықұлы.

Осылайша, рудныйлық мүгедектер қоғамы қосымша табыс көзін тауып, кемінде бір адамды жұмыспен қамтымақшы. Қазіргі таңда бірлестік 17 мүмкіндігі шектеулі жанға құрылыс, жиһаз жасау, сауда-саттық, тағы басқа да салаларда тұрақты жұмыс тауып берген.

– Санаш ағайға алғыс айтамын. Себебі, күні-түні тынбай адам тасығандықтан көлік шаңға оранады. Бұрын оны жууға кемінде жарты сағатымды арнайтынмын. Қазір болса, 10-15 минуттың ішінде темір тұлпар жылтырап шыға келеді, – дейді "Инватаксидің" жүргізушісі Азамат Мәденов.

Бүгінде тұрақты клиенттерін күн санап арттырып жатқан қоғамның бұл ісіне риза болмақ болмайды. Өйткені, мүгедекпіз деп, жұртқа алақан жайып, кабинет тоздырып жүрген жоқ. Өз қазанында өзі қайнап жатқан қоғамдық бірлестіктің жұмысына ешкім кедергі келтірмей, тек алға баса берсе дейміз.


● ЖАТ АҒЫМ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Теріс ағымдардан аулақ болайық!

Рудный қаласындағы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі және Рудный қалалық төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлеріне жат ағымдар жайында ауқымды семинар кездесулер өткізілді.

Жиынға "Нұр" мешітінің бас имамы Сейіт қажы Темірбекұлы қатысып, қозғалып отырған тақырыпта мол мағлұмат берді.

Басқосуда бас имам жиналғандарға Ислам – бейбітшіліктің діні және жауыздық пен қантөгіс дінге жат әрекет екенін айтып өтті. Сондай-ақ көркем дініміз әр адамның намысы мен өміріне



зиян тигізбеуге, діні мен ұлтына қарамастан кез-келген адаммен сыпайы, мейірімді болуға шақыратынына да ерекше тоқталды.

Бүгінде еліміздің тұрақтылығы

мен тыныштығын бұзған әртүрлі діни ағымдар мен радикалды түсініктерден сақ болып, әрбір адам дінді сауатты білу керектігін де еске салды.

Жиын соңында Сейіт қажы Темірбекұлы қойылған сауалдарға толық әрі нақты жауап беріп, алдағы уақытта Ислам дініне қатысты сұрақтар бойынша тек Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы бекіткен мешіт имамдарына мен немесе ресми сайттарда қою керектігін айтып өтті.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.

"Жұмыс жәрмеңкесі" жастарға арналды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

"Нұр Отан" партиясының Арқалық қалалық филиалы партияның "Бақытты балалық шақ" жобасы аясында "Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі" ММ-мен бірлесе отырып, жастарды жұмыспен қамтуды көздеген кезекті бос орындар жәрмеңкесін өткізді.

Жәрмеңкеге 24 жұмыс беруші және жұмыс іздеуші 35 адам қатысып, мектептер мен балабақшалардан бос жұмыс орындары ұсынылды.

Қажетті мамандықтар тізімінде: физика, химия, өзін-өзі тану, музыка, дене шынықтыру, бастауыш мектеп, технология, қазақ тілі, ағылшын тілі мұғалімдері мен тәрбиешілер белгіленген.

Өткізілген іс-шара нәтижесінде 20-дан астам жас маман жоғарыда айтылған мамандықтар бойынша қала және ауыл мектептеріне жұмысқа орналастырылды.

Арқалық қаласы.

● ӨТЕДІ КҮНДЕР

Арман қуған жастар едік

Ат жалын тартып мінген азаматқа, ұлтын сүйген ұлға қазақ жерінің қай түкпірі де жат болмаса да, атамекеннің жөні тым бөлек. Қыранның қағысы ұясында байқалатыны сияқты, ұланның да болмыс-бітімі өскен ортасында қалыптасатыны айқын. Егіз ұғымның атамекен мен азаматтың арасында ыстық сезімнің ғұмыр бойы жалғасып жатуының себебін осы төңіректен іздегеніміз жөн болар. Мұны айтып отырған себебім, атамекен тарихи Торғайдағы ұлы ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепті бұдан 50 жыл бұрын бітіріп, қияға қанат қаққан түлектер жайында ой бөлісуді жөн санадым. Осы ретте Торғайдың талай өренінің саналы азамат болып қалыптасуына әсер еткен тұғырлы тұлғалардан кенде емес. Мәселен, әріден қозғасақ Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов т.б. Торғай топырағынан нәр алған алыптар. Иә, бәрін тізіп айта берсек жетіп жығылады. Осы орайда менің замандас-құрдастарым Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін дүние есігін ашқан ұрпақтармыз. Мен де 1965-66 жылы Торғайдағы Ыбырай мектебін бітірушілердің бірімін.

Аққан судай жылжып, күндер қалай тез өтеді десеңізші!.. Сонау 1965-66 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітірген түлектерге биыл 50 толды. Жарты ғасыр көзді ашып-жұмғанша қалай өтіп кеткенін білмей қалыппыз. Сусып өткен өрімтал жастық шағымыз өміріміздің бір белесі емес пе еді. Арман қуып, қияға қанат қаққан сол бір жастық шақ қайтып келер ме еді. Себебі біздер арман қуған жастар едік. Біздерге 10 жыл бойы сабақ беріп, бәлім нәрімен сусындатқан, өмірде түзу жолға түсіп кетуімізге үлес қосқан ұлағатты ұстаздар қауымын айрықша еске аламыз. Олар бүгінде ортамызда жоқ, бақилық сапарға аттанған аяулы да ардақты ұстаздарымыз Фарзана Қонарбаева, Шамкен Бейсекеева, Алтын Кәжікеева, Сұлтан Қожмұханбетов, Серік Хасенов, Қонақбай Алин сынды апайларымыз бен ағайларымыз еді. Жоғарыда есімдері аталған ұстаздарымызға бас ие отырып, марқұмдардың иманы салауат, топырағы торқа, жат-

қан жерлері жайлы болғай.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтып кеткендей, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін тәлімгер-ұстаз екеніне ешкім шүбә келтіре қоймас. Әйтсе де, осы күнге дейін іс жүзінде емес, мұғалімдерді құрметтеп еске алуды сөз жүзінде ғана жүргізіп келе жатқандаймыз. Оның өзі мектепті баяғыда бітіріп кеткен біздердің қатар-құрбыларымыз ғана «бізге мынадай мұғалім сабақ беріп еді, ой тамаша адам еді ғой» деп еске аламыз. Әйтседе, біздің қатарластарымыздың өзі уақытында бағалайда алмаған болармыз. Тағы да Абай атамыздың «қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінде жамандықтан аманы жоқ» деген сөзіне жүгінсек, ақиқаттың анығына бір табан жақындайтын сияқтымыз. Ұлағатты ұстаздардың қадір-қасиетін мәңгілікке қоштаспай-ақ, сәл ұзап шыққаннан кейін ұғынатынымызды ешкім жоққа шығара алмас. Дегенмен, өнегесімен өрге сүйреп, білімнің ғана емес, өмір жолында да дұрыс бағыт алуға көп ықпалын тигізген қиын да қызық мамандық иелеріне бас иеміз.



Бүгінде ортамызда жүрген ұлағатты ұстаздардың бірі емес бірегейі физика пәнінің мұғалімі Асанхан Шалабаевты шәкірттерінің біразы еске алып отырды. Себебі Асанхан ағайдың сабақ берудегі тәжірибесі, сауаттылығы, шәкірттерімен тіл табысуы өте ерекше. Ұстаз әрбір өткізген сабағын тартымды, ұғынықты етіп, шәкірт жүрегінен жол табады. Қолға алғаш қалам ұстатып, әріп таңытқан ұлағат иелеріне ән жолдарында айтылғандай, «ғалым да, шахтер де бас иетін» болса керек.

Біздер Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін 1965-66 жылдары 100-ге жуық шәкірт бітіріп өмірге жолдама алдық. Көпшілігі туған жерде қалып, халық шаруашылығының әр саласында еңбек етті. Аудан орталығындағы білім беретін кәсіптік техникалық училищеде оқып малшы-механизатор мамандығын меңгерді. Мәселен менімен бір сыныпта оқыған қыз-жігіттердің біразы жоғары және арнаулы оқу орындарында оқып білім алғандар қатарында Айдархан Жүсіпбеков, Ғалинұр Абзулинов, Серік Ералин, Сұлтанғали Оспанов, Сәлима Абжамалова, Гүлсай-

ран Хұсайынова, Мұрат Молдахметов, Кәрімбек Жаманқұлов, Жаңылсын Шәйменова және осы жолдардың авторы Күлшира Ахметжан журналистика саласында жемісті еңбек етті. Сондай-ақ есеп қызметкерлері: Әділбек Әбілхайыров, Бақыт Хасенова, Маржанкүл Саржанова, Оразай Шарменов, мәдениет және өнер саласында Жақсыбай Қазымбеков, Кеменгер Іскендіров, Дәмеш Міркемелова, Тыныштық Әлденовтер еңбегі ерекше.

Халық шаруашылығының әр саласында жастық жігерімен еңбек еткен сыныптастар да аз емес. Олар Әлім Ғалымов, Өмірзақ Өтегенов, Өмірбек Исмағұлов, Мұрат Мешітбаев, Алпысбай Кәдірхановтар жастыққа тән жігерімен шаруашылықтың әр саласында қажырлылық таныта білді.

Қазіргі таңда сыныптастарымыз зейнетке шыққанға дейін бар қажыр-қайраттарымен еліне еңбек етті. Еліміздің түкпір-түкпірінде сыныптастарымыз саймаларын ақ қырау шалған ата-әжелер. Олар немере-шөберелерінің қызығын қызықтап, бақытқа-шатыққа бөленгендер. Өмір — өзен деген

осы. Зымыраған уақыт-ай! Бір-бірімізді жақсы білетін, бірге оқыған замандастарымыздың арасында бақилық болғандар аз емес. Марқұмдар Әділбек Исмағұлов, Қалдыбек Закарин, Мақсұтбек Бейсенбин, Айнағұл Аханова, Үстай Қапшыова, Күлпара Игісінова, Жұмабек Мырзағалиев сынды сыныптастарымды қимастықпен еске аламыз. Ақыреттік кермесі Алланың жәннат бағынан тартылып, пайғамбарымыздың шапағатына бөлене бергей.

Таяуда Қостанай қаласында Торғайдағы Ы.Алтынсарин мектебін бұдан 50 жыл бітірген түлектер бас қосты. Жан-жақтан жиналған түлектер бір-бірімен қауышып, сағынышпен өздерінің өмір жолдарынан сыр шертті. Қаланың көрікті жерлерін аралап, ескерткіш ретінде суретке түсті.

Күлшира АХМЕТЖАН,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

СУРЕТТЕ: Торғайдағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің 1965-66 жылғы түлектері.

● ӨМІР САПАСЫ

Алдын алған тиімді

Облыс орталығында ағымдағы жылдың 7 айында 196 өрт тіркелді. Қаза болған 5 адамның 4-еуі мас күйде болған. Өрттің салдарынан 300 мың теңгенің шығыны келді. 500 мың теңгенің материалдық құндылықтары сақталды.

196 өрттің 112-сі жеке секторларда болған. Барлық тіркелген тұтанулардың жартысынан көбі тұрмыстық болып келеді. Сондықтан өрттермен қатысты жағдайды реттеу мақсатында, қалалық ТЖ және өрт сөндіру бөлімдерінің қызметкерлері тұрғындар арасында профилактикалық жұмыстарды белсенді жүргізеді, әрдайым тұрғын секторларды аралайды. Азаматтармен тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелері туралы әңгімелеседі, тұрғын секторында өрт қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған нұсқаулықтар жүргізеді, көрнекі үгіттеу

материалдарын таратады.

Көбінесе өрт ошақтары отпен абай болмау себепті орын алады. Осындай жағдайлар су апаттарына да қатысты. Су қателікті кешірмейді. Өкінішті статистиканы осы жылы 2 суға батқан адам толықтырды. Жас жеткіншектер Тобыл өзенінің жабдықталмаған орындарында шомылған. Соның салдарынан ағымдағы жылдың 7 айы ішінде өрт пен су апаттары 7 адамның өмірін алып кетті. Сондықтан ТЖБ мамандары Солтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел-құтқару жасағы құтқарушыларымен Тобыл өзені арнасы жағалауында қайғылы оқиғаның алдын алу үшін барлық шараларды қолданумен күн сайын бірлескен рейдтер жүргізуде. Суға түсу маусымының басталуымен судағы қауіпсіздік ережелері жөнінде 1784 жадынама таратылды, 2073 адамға нұсқаулық жүр-



гізілді. Тобыл өзенінің шомылуға жабдықталмаған жерлерінде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 6 тыйым салу белгісі орнатылды.

Қазір аймақта құрғақ әрі ыстық ауа райы тұрақтады. Осыған байланысты су айдындарында төтенше жағдай қаупі жоғары, сонымен бірге қоқысты өртеу, от қою, жөндеу және дөнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қаупі артады. Сондықтан азаматтарға отты мұқият қолдану керек және судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаған жөн.

Крапива Светлана Владимировна сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Садчиков ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған 572 га көлемі, кадастрлық нөмірі 12-183-089-043, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сөттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2016 жылғы 6 қыркүйек 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Садчиков а., Целинная көш., 12 үй. Өтінімдер 2016 жылғы 5 қыркүйек 18.00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қ., Дзержинский көш., 61Б үй. телефон 87714300123.

Доверенное лицо Крапива Светланы Владимировны Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования на земельный участок, расположенный на территории Садчиковского сельского округа, Костанайского района Костанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства, кадастровый номер 12-183-089-043, площадью 572 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 6 сентября 2016 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с. Садчиковка, ул.Целинная, дом 12. Заявки принимаются в срок до 18.00 часов 5 сентября 2016 года по месту нахождения доверенного лица: г. Костанай, ул.Дзержинского, д.61Б, телефон 87714300123.

● ТАҒЫЗЫМ

Ұлтына қызмет еткен Молдақан Әбікенов туралы сөз

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Өңірімізге Ұлы Отан соғысына қатысқан жаужүрек майдангер, Қарасу ауданының құрметті азаматы Молдақан Әбікеновтің есімі кеңінен танымал. Осыдан алты жыл бұрын 94 жасқа келіп дүниеден өткен абыз қария үрім-бұтағының қызығын көріп кетті. 1939 жылы әскер қатарына алына салып, сол жылы маршал Г.Жуковтың басқарған Кеңес әскері қатарында Моңғолия жерінде болған атақты Халхын-Гол шайқасында жапон басқыншыларына қарсы ұрысқа қатысқан жан. Жауынгер Әбікенов жекелеген батальонда көлік жүргізушісі болды. Халхын-Голдан ар жағында тиіп тұрған шекара бойына жүк тасып, басын қатерге тікті.

Ал Ұлы Отан соғысы басталғанда, Грузияға ауыстырылған Молдекең сол таулы-қыратты аймақтан майданға қажетті заттарды Новороссийск қаласына дейін тасып тұрған екен. Артынша Кеңес армиясының құрамында Иран жеріндегі АҚШ-тан жіберілген гуманитарлық көмекті шайқас болып жатқан аудандарға жеткізу тапсырмасы беріледі. Сонда Парсы шығанағына кемемен келетін азық-түлік, киім-кешек, басқа да қажетті заттарды майдандағы әскерлерге күн-түн демей тасумен болады. Парсы шығанағынан үш күнде Тбилисиге жетіп, одан әрі Қара теңіздің жағалауы арқылы жүру керек, ал ол жердегі қалалар түгелдей қираған. Жолдар бұзылған. Ондай жерлермен кеңестік "қорап" машиналар жиі бұзылады екен. Жолдағы көп уақыт сол көліктерді жөндеумен кетеді. Ар жақта азық күтіп отырған аш-жалаңаш әскерлер бар. Міне, соның барлығына жауынгер Әбікенов дер уақытында жетіп, тапсырмаларды мүлт жібермеді.

Моңғолия, Пәкістан, Иран, Ресей, Украина қалаларында толарсақтан саз кешкен ол жеңісті Одесса қаласында қарсы

алды. 2-ші дәрежелі "Ұлы Отан соғысы" орденімен, "Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін" медалімен, басқа да марапаттарды иеленді.

Молдақанның екі ағасы мен інісі майдан даласынан оралмады. Інісі Ленинградты қорғау ұрыстарына қатысқан болса, бір ағасы Мәскеу түбінде, тағы бір ағасы Кенигсбергте қаза табады. Ал соғыс аяқталса да, Молдекең тағы бір жарым жыл фашистерден тазарту, қайта қалпына келтіру жұмыстарына қатыса жүріп, елге тек 1946 жылы күзде сегіз жылға қарап барып оралған екен. Қарасуға келеді. Мамандығы жүргізуші болғанмен, елде көлік атаулы жоқ. Аздаған уақыттан кейін ауданға көлік алынып, майдангер лауазымды басшыларды, заң, құқық қорғау, сот органдарының жетекшілерін жұмыс бабымен тасыған бірден-бір жүргізуші ретінде ел есінде қалды.

Тың игеру науқаны майдангердің нағыз шарық болатын шыңдалған шағы. Сол кезде шаруашылықтарды көтеруге зор үлес қосқан ол ауданның бас сәулетшісі қызметіне тағайындалады. Аудан орталығының бір-қатар көшесі, ғимараттар, әлеуметтік нысандар сол тұста бой көтерген екен. Кейін оған Қарасудан Қостанайға тартылған тас жолдың құрылысын жүргізу сеніп тапсырылады. Артынша аудандық коммуналдық шаруашылық саласын басқарды. Бірқатар спорттық нысандардың бой көтеуіне мұрындық болды. Басқа марапаттарын айтпағанда, Қазақстан көлемінде "КСРО коммуналдық шаруашылығының үздігі" төсбелгісін Молдақан Әбікеновтен басқа ешкім таппаған. Бұл да бір мақтаныш емес пе.

Молдақан ақсақал құдай қосқан жары Үкіжан анамызбен бірге он бала өсіріп-тәрбиелеп, жеткізіп оқытты. Солардан немере-шөбере ұрпақтарын сүйіп кетті. Бүгінгі күні ақсақалдың кіндігінен тараған 81 ұрпақ бар. Қарт майдангер тірі болғанда, 12 тамызда 100 жасқа толады екен. Молдақан атамыз ескеру-

сіз қалған жоқ, Қарасу ауданының орталығында үрім-бұтағы жиналып, жауынгердің ғасыр тойы мен Әбікеновтер отбасының шаңырақ көтергеніне 70 толуына орай шахматтан жарыс ұйымдастырып, көпшілікке ас беріп, марқұмға дұға бағыштады. Салауатты өмірді насихаттап, кейінгі буынға абыз қарияның жүрген ізін насихаттау ісіне аудан әкімі бастап мұрындық болған екен. Шахмат турнирінің салтанатты ашылуында сөз алған Қарасу ауданы әкімінің орынбасары Асқар Байбосынов туған жердің түлеуіне өлшеусіз үлес қосқан осындай тұлғаларды ұлықтау – келешек қауымның зор міндеті екенін жеткізді:

– Молдақан Әбікенов бүкіл саналы ғұмырын туған ауданының өркендеуіне арнады. Бейбіт күнде сол еңбегі үшін "Ерен еңбегі үшін", "Еңбек ардагері" медальдарымен, "Құрмет белгісі" төсбелгісімен марапатталды. Және ол кісінің "Қарасу ауданының құрметті азаматы" атағын аудан көлемінде тұңғыш алған адам екенін де мақтан етуіміз керек. Зейнеткерлікке шықса да, кейінгі ұрпаққа ақыл-кеңесін беруден аянбады. Біз үшін Молдақан Әбікеновтің өнегелі өмір жолы үлкен даңғыл секілді.

Шахмат тақтасына жайғасқан отызға тарта қатысушы күні бойы нағыз тартысты ойын ерігін көрсетті. Жергілікті ойыншылармен қатар, облыс орталығынан аймақтық шахмат федерациясы басшылығы, Елордадан меймандар, спорт ардагерлері келген екен. Ұйымдастырушылар мұндай шараға егде тартқан қариядан бастап жеткіншек балаларға дейін қатысқанын аталған спорт түрінің елімізде кең түрде қанат жайып келе жатқаны деп бағалады.

Жарыс қорытындысы бойынша К.Русанов жеңімпаз деп танылса, В.Николаев, А.Момбаев екінші, үшінші орындарды иеленді. Жалпы, жеңімпаздар мен қатысушылардың барлығы құралақан қалған жоқ, шахмат ойынына қажетті естелік сыйлықтар мен марапат қағаздарын алды.

● ЕСКЕ АЛУ

Ағып тұстің жұлдыздай...

Ардақты баламыз, бауырымыз, адал жар **Алдияр Назымбекұлы Байдильдиннің** фәни дүниеден өткеніне ай толғалы отыр. Ағып түскен жұлдыздай орда бұзар отыз жасында арамыздан кетті. Біраз жыл Жанкелдин ауданының мемлекеттік мекемелерінде абыройлы қызмет атқарды. Десек те нарықтық экономика жағдайында бюджеттік мекемелердегі шектеулі мемлекеттік қызмет оның қанатын кеңге жайып, құлашын сермеуіне мүмкіндік бермеді. Барлығын саралай келе ол бизнес саласына бет бұрған еді. Ауданның Тәуіш, Сарысу, Сужарған, Қаламқарасу, Милісай ауылдары халқының ірі қара малдарын асылдандыру мақсатында "Асылдандыру-2016" тұтынушылар кооперативін құрып, оның төрағасы болып сайланды. Әке, ата-бабаларының туып өскен жері бұрынғы Бүйректал кеңшары-қазіргі Ақсай ауылын құрмет тұтып, есте ұстау мақсатында "Ақсай-2015" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ашып, аудан экономикасына өз үлесін қосуға ниеттенді. Ол ойына алған мақсатты істерін тез арада жүзеге асыруға асығып тұратын, ол бастаған жұмыстар рет ретімен орындалып жататын. Алдына қойған жоспарлары көп еді. Қажетті кадрлар ауданнан шықпауына назаланып, Оңтүстік Қазақстан азаматарын жұмысқа шақырып, көшіріп әкелемін дейтін. Аудан халқын арзан және сапалы көкөніспен қысы-жазы қамтамасыз ету мақсатында жылыжай салуды, үкіметтік "Құлан" бағдарламасына қатысып жылқы өсіруді көздеген үмітті ісі бар еді...

Алдияр өз қатарының арасында ғана емес, аға буын өкілдерінің, тіпті қарттардың да алдында сыйлы, аяулы азамат болатын. Кез келген адаммен тез тіл табысатын, инабатты және кішіпейіл еді. Алайда, Алла тағала пешенесіне тым қысқа ғұмыр өлшеп беріпті. Жүрегімізді мұңға, жанарларымызды жасқа толтырып жылаймыз, қимастық сезіммен сағынышпен еске алып, жоқтаймыз. Жарқын бейнеңді әрқашан жүрегімізде сақтап, рухына бас иеміз. Жатқан жерің жәннатта, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, нұрың пейіште шалқысын.

Қабырғамызды қайыстырып басымызға түскен ауыр қайғымызға ортақтасып бөліскен, бас сүйеп көмектескен ағайын туыс, бауырға, құда-жөжәт, көрші-көлемге, әріптестерімізге, балаларымыздың достарына шын жүрегімізден алғысымызды білдіреміз.

* * *

Алдияр Назымбекұлының қырық күндік асы 10 қыркүйекте Торғай қаласы "Ди Ди" кафесінде сағат 12-00 және 14-00 де беріледі. Байдильдиндер әулеті.

Хош, Алдиярым...

Бала күннен көз алдымда өскен едің, Бөлек еді өзгелерден сенің жөнің. Орда бұзар отызда алып кетті, Қоштасуға жиылды мұқым елің.

Бақұл бол, Алдиярым, ерек көрген, Талабыңа таудай деп елің сенген. Өр мінезді, қызу қанды, білімі терең, Айрылды туған Торғай бір өрненнен.

Жұмысына негіз болды осы бағдар. Кәсібінің нәсібін көрөмін деп, Тындыруды талап қылды көп шаруалар.

Үзілді бар ғұмыры отыз жаста, Жазылған тағдыр шығар әуел баста. Гүлсімі, құлындары аман болса, Мәңгіге жазылады аты таста! Пендеде бұдан басқа амал бар ма? Көтеруге тиіспіз түскенді басқа.

"Сыбаға", "Алтын асық", "Құланы" бар,

Ғабит СҮНДЕТБАЕВ.

Бақыл бол мәңгі, асыл дос!

Жүрегі таза, көңілі ақ, Дос едің нағыз жан қияр. Орда бұзар отызда Әмірден өттің Алдияр.

Шара бар ма Аллаға, Тағдырға бәрі бағынған. Артында қалды шырылдап Асылай мен Әминаң.

Сендей дос келмес екі рет Жүректен айтқан шындығым. Аңырап қалды артыңда Сүйіп алған Гүлсімің.

Өмірге келдің сәби болып Азамат болып өржеткен. Қысқа болды ғұмырың Жұлдызың ақты кенеттен.

Құшағына алды жер анаң, Торқада болсын топырағың. Өсе берсін қос шыбық, Солмасын қос жапырағың.

Достары.

Достарыңды бөлмедің, Бәрін бірдей сыйладың. Бақұл бол мәңгі, асыл дос, Жолдасың болсын иманың.

Ұлы педагог және ағартушы Ы. Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына арналған 2016 жылғы 22 - 28 тамыз аралығына іс-шаралар тізбесі

№	Іс-шараның атауы	Өткізу орны	Өткізу күні мен уақыты
1.	"Ыбырай Алтынсарин – педагог-ағартушы" жылжымалы көрме	"Большевичка" АҚ тігін фабрикасы Қостанай қаласы	бір апта ішінде
2.	"Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің естелік орындары" атты жобаның 3 маршруты бойынша экскурсия: Алтынсариндердің қыстауына – Ы.Алтынсарин кесенесі – инспектор көлі.	Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі (Алтынсарин көш., 118-А), Ы.Алтынсарин кесенесі, Инспектор көлі (Мичурин а.)	бір апта ішінде
3.	"Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің естелік орындары" атты жобаның 2 маршруты бойынша: Алтынсарин ауданы, Щербаков селосы – Алтынсарин ауданы, Щербаков пен Сатай ауылынан 5-6 км.	Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі (Алтынсарин көш., 118-А), Алтынсарин ауданы	23 тамыз

Қостанай облысының 80 жылдығына арналған 2016 жылғы 22 - 28 тамыз аралығына іс-шаралар тізбесі

№	Іс-шараның атауы	Өткізу орны	Өткізу күні мен уақыты
1.	Облыстық Діни бірлестіктер басшыларының қатысуымен диалог алаңы	Қостанай қ.	25 тамыз күн бойы
2.	Жітіқара қ. күніне және Жітіқара ауданының 85 жылдығына арналған салтанатты іс-шаралар	Жітіқара қ.	27 тамыз күн бойы
3.	"Қостанай облысы: тарих және қазіргі заман" – Қостанай облысы құрылуының 80 жылдығына арналған көрме	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (Алтынсарин көш., 115)	бір апта ішінде, сағат 10.00-17.00
4.	Қостанай облысы құрылуының 80 жылдығына орай "Киелі жерім – қасиетті елім" атты алғашқы тың игерушілерімен кездесу кеші	Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі (Алтынсарин көш., 118-А)	25 тамыз

Спорт – біздің досымыз

Қостанай облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы мен ОИД ЕҚҚБ қызметкерлері генерал С.Бәкіров атындағы лагерьде демалып жатқан облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арнап спорт мерекесін ұйымдастырды.

Лагерьде күнде қызықты іс-шаралар өткізіліп тұрады. Мұнда әртүрлі спорт секциялары бар. Балалар лагерьдегі футбол алаңында доп қуса, қыздар би алаңында фитнеспен айналысады. «Балалардың денсаулығына баса назар аударуымыз керек. Біздің болашағымыздың қандай болатындығы көбіне-көп осыған байланысты», – дейді акцияны ұйымдастырушылардың бірі, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының валеологы Э.Китова. Лагерьде демалып жатқандардың бәрі спортпен айналысатындықтан, жарысқа қатысуға тілек білдіргендер көп болды. Балалар төрт командаға бөлініп, әртүрлі тапсырмаларды орындады. 105 бала мен олардың тәрбиешілері түгелдей дерлік спорт мерекесіне қатысты. «Көңілді старттардың» қорытындысы бойынша «Пират-



тар» командасы жеңіске жетті. Жеңімпаздарға сыйлықтар тапсырылды. Бұдан соң балалармен есірткі заттарын тұтынудың салдары, қиын жағдайға тап болғандағы қауіпсіздік ережелері туралы әңгіме өткізіліп, ақпараттық кітапшалар тара-

тылды.Полицейлер балаларды спортпен айналысуға, салауатты өмір салтын ұстануға үйретуге және нашақорлықтың алдын алуға бағытталған осындай спорт жарыстарын балалар лагерьлерінің бәрінде де өткізуді жоспарлап отыр.

Аламан бәйгеде бақ сына

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Жуырда, ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, 51 шақырым қашықтыққа «Алтын тұлпар» III республикалық аламан бәйге өтеді. Турнирге еліміздің барлық облыстары, Алматы мен Астана қалаларының бәйге аттары қатыстырылмақ.

Әр облыстан кемі 10 аттан қатыстырылады. Турнир Ақмола облысы, Целиноград ауданы Қабанбай ауылының аумағында болады. Қатысушылар қыркүйек айының 1-не дейін өтінім беруі керек. Өтінімде аттың иесі, шабандоздың аты-жөні, аттың есімі, жасы, жынысы, түртүсі, тұқымы және атты жарысқа қосуға берілген рұқсаты жазылуы тиіс. Жарысқа 10 жастан асқан, атты басқаруға икемі бар, арнайы дайындықтан өткен, ата-анасының заңды рұқсаты және сақтандыру полисі бар спортшылар қатыса алады. Шабандоз бен атқа сақтандыру полисін тапсыруға міндетті. Турнир ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы мен ҚР Мәдениет және спорт



министрлігі бекіткен регламент бойынша өтеді. Дәстүрлі аламан бәйгені ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және «Нұр Отан» партиясы ұйымдастырмақ. Бәйге туралы то-

лық ақпарат білу үшін 8 (714 2) 391741 телефон нөміріне хабарласа аласыздар.

Сурет редакцияның мұрағатынан алынды.
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

«Мектепке жол» жалғасады

Қостанайдың жергілікті полицейлері республикалық «Мектепке жол» акциясының аясында көп балалы және аз қамтылған отбасыларындағы балаларға жаңа оқу жылына даярлық жасауға көмектесті.

Қостанай қаласының ішкі істер басқармасы он жылдан астам уақыт көптеген балаларды қамқорлыққа алып, жылда оларды мектепке дайындауға атсалысуда. Биыл полицейлер көмегіне ие болғандардың бірі – 13 жастағы Самрат. Оның анасы қазір жұмыссыз. Отбасында бес бала бар. Отағасының табысы көп балалы отбасының қажеттіліктеріне жете бермейді. Базардан керегінің бәрін алғасын Самрат қуанышын жасырмай, жаксы оқуға уәде берді. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік инспектор полиция майоры Бахытгүл Жүнісованың айтуынша, акция аясында биыл 11 балаға көмек көрсетілген.

Қостанай қаласы ІІБ Оңтүстік полиция бөлімінің қызметкерлері үш отбасына балаларын мектепке дайындауға көмектесті. Рейдтік шаралар кезінде учаскелік полиция инспекторлары кейбір отбасыларында материалдық қиындықтар туындағанын білді. Қостанай қаласының жергілікті полиция басшылығы оларды қолдау туралы шешім қабылдады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспектор полиция капитаны Индира Масақбаеваның айтуынша, бұл отбасылар есепке алынбаған, бала тәрбиесіне қолайлы отбасылар.Полицейлер ата-аналар және балалармен бірге мектеп базарына барып, оларға қажеттінің бәрін алып берді. Мектеп формасын, аяқ киім мен оқу құралдарын балалар өздері таңдады. Ата-аналар қаржылай көмек көрсеткен тәртіп сақшыларына алғыстарын айтты.

«Мектепке жол» акциясы жалғасуда. Ішкі істер органдарының барлық қалалық және аудандық бөлімдері көмекке зәру отбасыларына қолдау көрсетпек.



Қалаға көрік берген

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қаламызда шағын мүсіндер көп. Олардың дені нақты бір бағытқа арналмаған. Десе де, қаламызға көрік беріп тұр. Осы мүсіндердің қатарын тағы бір тарихи құндылығы жоғары ескерткіш толықтырды. «Тобыл ойшылы» тас мүсінінің ұлғайтылған көшірмесі қаламыздың орталығына қойылды.



Алып антропоморфтық мүсінді өмірге әкелуге екі жыл жұмсалған. Авторлары – Е.Кислицин мен В.Галбен текті шеберлер. Салмағы 3 тонналық, биіктігі 3 метрлік мүсінге «Тобыл ойшылы» деп ат қойылған. Оның да өзіндік себебін түсінген боларсыздар. 1976 жылы Тобыл топырағынан табылған шағын ғана мүсін біздің өңір үшін құнды мұрағат. Бетоннан қашалып, мыс пен қола жалатылған мүсіннің арқасы мен қол-аяғына Тамғалы үңгірінен табылған петроглифтер таңбаланыпты.

Арқайымның символы саналған жәдігердің үлкейтілген көшірмесі мұражайдан тысқа шығып, шаһарға шырай енгізеді. Қала күнінде өткен тұсаукесерден соң бұл жерге келіп, ескерткішке суретке түсіп жатқан қонақтар көп. Келешекте «Шағала» жағалауына қойылатын болады.

Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі Кәки Шәріпұлы Ақанға жұбайы

Гүлшара Нұркейқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың
орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25.
Жарнама бергіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
А – ақыллы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10658. Тапсырыс 1757.

Немірдің кезекші редакторы Қ.ОСПАНОВА.